

АСТАНА ҚАЛАСЫ
ӘКІМДІГІНІҢ

«43 қосымша білім беру
мектеп-орталығы» ШЖҚ МКК



АКИМАТ
ГОРОДА АСТАНА

ГКП на ПХВ «Школа-центр
дополнительного образования № 43»

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

02.09.2024 № 134-К/К

№ _____

**2024-2025 оқу жылында
Астана қаласы Білім басқармасының
2023 жылдың 06 қаңтарындағы №11
«Білім беру мекемелерінде тамақтандыруды
ұйымдастыру туралы» бұйрығына өзгеріс
енгізу турлы**

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 43 бабының 2 тармағының 11 тармақшасына, 48 бабының 5 тармағына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидалары» туралы бұйрығына, Астана қаласы Білім басқармасының 2024 жылғы 10 шілдедегі №1246 «2024-2025 оқу жылында білім беру ұйымдарындағы тамақтандыруды ұйымдастыру туралы» бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Білім беру мекемелерінің басшыларына:

1. Жекелендірілген санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге мемлекеттік қызмет көрсетудің орындалуы барысында тегін сапалы тамақтандыруды ұйымдастырудың жауапкершілігі жүктелсін.

2. 2024 – 2025 оқу жылынан бастап бір баланы бір реттік тамақтандырудың құны қосымша құн салығын қосқанда 1 – 4 сынып оқушылары 800 теңге, халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан 5 – 9

сынып оқушылары 964 теңге, халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан 10 – 11 сынып оқушылары 1090 теңге болып бекітілсін;

3. Әр айдың 1-не дейін мемлекеттік қызмет көрсетудің орындалуы барысының есебі Астана қаласы Білім басқармасының Экономика және мемлекеттік сатып алулар бөліміне әлеуметтік-педагог Г.Х.Турлыбекова тапсырсын.

4. Ашықтықты қамтамасыз ету барысында, ата-аналар қоғамының өкілдері Бракераждық комиссия құрамына енгізілсін.

5. Бракераждық комиссия құрамы білім беру ұйымдарының басшыларының төрағалығымен бекітілсін.

6. Күн сайынғы ас мәзірі бекітіліп, ата-аналар мен оқушылардың заңды өкілдері үшін асхананың қол жетімді жеріне орналыстырылсын.

7. Білім беру ұйымдарындағы тамақтануды ұйымдастыру кезінде санитарлық ережелер мен нормаларға, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік-құқықтық актілеріне және әдістемелік ұсыныстарына сәйкес санитарлық эпидемиологиялық талаптардың орындалуы жүзеге асырылсын.

8. Асханадағы кезекшілік кестесіне білім қызметкерлері бекітілсін, оқушыларды кезекшілікке тартуға тыйым салынсын.

9. Тамақтанудың кестесін бекіту кезінде тамақтану уақытының ұзақтығын ескеріп, сабақ арасындағы қоңырау ұзақтығы 15 минутқа сәйкестендірілсін.

10. Буфеттің жылдамдатып қызмет көрсетуді қамтамасыз ету бөлігі бойынша жұмысын ұйымдастыру (қызмет көрсету персоналының, кассир мен сатушылардың санын оқушылардың контингентіне байланысты қарастыру).

11. Сапалы тамақтандырудың ұйымдастырылуы бойынша ақпарат тоқсан сайынғы педагогикалық кеңес отырысында қаралсын.

12. Интернет-ресурстарында «Мектептегі тамақтану» айдарында мектептегі тамақтандыруды ұйымдастыру ай сайынғы ақпарат (мәзір, бракераждық комиссия құрамы) жөнінде ақпаратты әлеуметтік-педагог Г.Х.Турлыбекова берсін.

13. Тамақтанудың сапалылығының есебі ата-аналар қоғамының алдында уақтылы берілсін.

14. Буфеттегі тамақтану бағасы (прейскурантта көрсетілген бағадан көтерілмеуін) бақылауға алынсын.

15. Оқушыларды тамақтандыру жүйесі Білім беру ұйымдарына қойылатын Санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес (газдалған сусындар, фастфуд, шоколадты батон, майонез, кетчуп, сағызды конфеттер сағыз т.б. алынып тасталсын) ұйымдастырылсын.

16. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры

И.В.

Н.Жагабаев